

БАНКПЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ТАЛАПТАРЫ

- 1.1. Банкпен Электрондық банктік қызметтерді ұсыну талаптары (бұдан әрі – Талаптар) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және Клиентпен және Банкпен бір-бірінің Электрондық құжаттарын өзара тану талаптарын анықтайды.
- 1.2. Электрондық банктік қызметтер жеке компьютерлер, телефондар және Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылатын және ҚР заңнамасына қайшы келмейтін басқа тәсілдері арқылы Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланумен ұсынылады. Электрондық банктік қызметтерді көрсету тәртібі, Банкпен пайдаланатын қауіпсіздік процедуралары, Электрондық банктік қызметтерді қабылдауға Клиенттің құқықтарын сәйкестендіру және бекіту тәртібі осы Талаптармен және Банктің ішкі құжаттарымен реттеледі.
- 1.3. Электрондық банктік қызметтер Клиентке ЭЦҚ қолданумен және/немесе Клиенттің динамикалық сәйкестендіру және/немесе Биометрлік сәйкестендіру арқылы Банктің ішкі құжаттарымен бекітілген тәртібінде ұсынылады. Электрондық банктік қызметтер арқылы операциялардың тізімі Банкпен жекеше анықталады және www.alfabank.kz интернет-сайттарында орналастырылады. Жаңа операциялар пайда болған жағдайда/бұрын қол жетімді операцияларын ұсынуды тоқтату жағдайда, Банк бір тараптық тәртібінде (Клиентпен келісусіз) Электрондық банктік қызметтер арқылы ұсынылатын операцияларының тізімін өзгертеді және жаңа тізімді жариялайды.
- 1.4. Осы Талаптар шеңберіндегі электрондық құжат айналымын пайдаланумен қағаз тасымалдаушыларды пайдаланумен Тараптар арасындағы құжат айналымының күші жойылмайды.
- 1.5. Шартта көрсетілетін терминдер және анықтаулар осы Қосымшада дәл осындай мәндерінде қолданылады.

2. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ ЭЦҚ ПАЙДАЛАНУ

- 2.1. Клиентке кілттерді және Тіркеу куәліктерді жасау үшін Банкке Банкпен белгіленген нысаны бойынша өтініші беріледі. Өтініш бойынша шешімі ҚО/Банктің ішкі құжаттарына сәйкес КО/Банкпен дербес қабылданады.
- 2.2. Клиентке Тіркеу куәлігін шығару және ЭЦҚ құру турады КО шешімді қабылдаудан кейін өтініш Банкпен қабылданды болып есептеледі. Банкпен Клиенттің өтінішін қабылдауы Клиенттің осы Талаптардың бөлігінде Шартқа қосылуды білдіреді.
- 2.3. ЭЦҚ қашықтағы қызмет көрсету арналарында Электрондық құжаттарды қалыптастыру және табыстау үшін қолданылады, Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланушысының нұсқаулығы www.alfabank.kz мекенжайына орналастырылады. Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланумен Электрондық банктік қызметтерін көрсету тәртібі Шартпен, осы Талаптармен, ашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланушысының нұсқаулығымен және Банктің ішкі құжаттарымен реттеледі.
- 2.4. Өтінішті қабылдаудан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банк Клиентке жабылған конвертте Тіркеу куәлігін(-терін) және USB-кілтті(-терін) береді. Тіркеу куәлігін(-терін) және USB-кілтті (-терін) беруі осы Талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын қабылдау-беру актісі бойынша жүзеге асырылады. Берілетін Тіркеу куәлігін(-терін) және USB-кілтті (-терін) Клиентке беру сәтінен оларды кездейсоқ жоғалу (жою) және/немесе зақымдану (бұзу) тәуекелі үшін Клиент жауап береді
- 2.5. Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланумен жұмыс істеу үшін Клиент Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланушысының нұсқаулығында көрсетілген Банктің талаптарына сәйкес келетін жабдықты (байланыс арнасын) пайдалануды қамтамасыз етеді.
- 2.6. Тіркеу куәлігін және USB-кілтті шығарылған күнінен 12 (он екі) күнтізбелік айы ішінде Тіркеу куәлігін және USB-кілтті алу үшін Банкке Клиент келмеген жағдайда, Тіркеу куәлігі және USB-кілтті жойылады. Осымен бірге, Клиентпен бұрын төленген комиссиялар қайтарылмайды.

КЛИЕНТТІН ДИНАМИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТЕНДІРУДІ ПАЙДАЛАНУ

- 2.7. Клиенттің Динамикалық сәйкестендіруді пайдаланумен Электрондық банктік қызметтерді көрсету мақсатында, Клиент Банкке Банкпен бекітілген тәсілдерімен Сенім белдірілген нөмірі ретіндегі Клиенттің уәкілетті тұлғасының модильді (ұялы) телефонының нөмірін ұсынады. Сенім білдірілген нөмірі Банктің жүйелерінде бекітіледі және Бір реттік (бір жолғы) кодты жолдау үшін қолданылады. Банктің нұсқауларына сәйкес Бір реттік (бір жолғы) кодты пайдалану Клиенттің түпнұсқалығын бекітеді және Клиентке Электрондық банктік қызметтеріне қол жету мүмкіндігін беру үшін негізі болып табылады. Клиент Электрондық банктік қызметтеріне қайта қол жету мүмкіндігін алу үшін жаңа Бір реттік (бір жолғы) код қалыптастыруы және қолдануы талап етіледі.

- 2.8. Осымен Клиент Банкпен бекітілген тәртібінде Сенім білдірілген нөмірі ретіндегі Клиенттің уәкілетті тұлғасының Банктің жүйелерінде тіркелген мобильді (ұялы) телефон нөмірінің Банкте болуы Тараптар үшін Осы Талаптардың бөлігіндегі Шарт талаптарының жарамдылық дәлдігі болып табылады екендігін білдіреді. Осымен Тараптар Осы Талаптардың бөлігіндегі Шарт талаптары Сенім білдірілген нөмірі ретіндегі Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді (ұялы) телефон нөмірінің Банктің жүйелерінде тіркелген әтінен бастап пайда болатын Электрондық қызмет көрсету бойынша Тараптардың қатынастары қатысты қолданылады екендігін бекітеді.
- 2.9. Банкке Банкпен бекітілген тәсілдерімен Сенім білдірілген нөмірі ретіндегі Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді (ұялы) телефон нөмірін ұсынуы Банкпен пайдаланатын қауіпсіздік процедураларын, сәйкестендіру тәртібін (Банкпен бекітілген қауіпсіздік процедурасын пайдалану жолымен электрондық құжатының түпнұсқалығын және қалыптастыру дұрыстығын бекітуді) қоса алғанда, Клиентті динамикалық сәйкестендіру арқылы Банкпен Электрондық банктік қызметтерін ұсынумен Клиенттің толық келісуді және Электрондық банктік қызметтеріне Клиенттің құқықтарын бекітуді білдіреді.
- 2.10. Банктің жүйелерінде Сенім білдірілген нөмірі ретінде бекітілген Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді (ұялы) телефон нөмірі Клиентпен Банкпен бекітілген тәртібінде өзгертілуі мүмкін. Банктің жүйелерінде Сенім білдірілген нөмірі ретінде бекітілген Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді (ұялы) телефон нөмірі өзгертілетін жағдайда немесе мобильді (ұялы) телефон жоғалған/ұрланған жағдайда, Клиент шұғыл Банкке хабарлау қажет. Осындай талаптарды сақтамау үшін, сонымен қатар Сенім білдірілген нөміріне жолданатын Бір реттік (бір жолғы) кодын табыстау/жариялау үшін Клиент жауапты.
- 2.11. Банктің жүйелерінде Сенім білдірілген нөмірі ретінде бекітілген Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді (ұялы) телефон нөмірі осы Талаптармен Сенім білдірілген нөмірі ретінде Банктің жүйелерінде осындай нөмірін өзгерту сәтіне дейін Электрондық банктік қызметтерді көрсету үшін Банкпен қолданылады.
- 2.12. Банк Электрондық банктік қызметтерді ұсыну кезінде қауіпсіздік процедураларын өз бетімен анықтайды, сонымен қатар Электрондық банктік қызметтерді қабылдау кезінде Клиенттің уәкілетті тұлғасымен пайдаланатын құрылғыларына (құрылғының бағдарламалық жасақтамасының нұсқауларына) қойылатын талаптарын бекітеді.
- БИОМЕТРЛІК СӘЙКЕСТЕНДІРУДІ ПАЙДАЛАНУ**
- 2.13. Биометрлік сәйкестендіруді пайдаланумен Электрондық банктік қызметтер Банктің техникалық мүмкіндіктерін пайдаланумен Банкпен ұсынылады. Биометрлік сәйкестендіруді пайдаланумен Электрондық банктік қызметтерді көрсету тәртібі және талаптары Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен анықталады және www.alfabank.kz мекенжайында орналастырылады.

3. ТАРАПТАРМЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТАР МОЙЫНДАУДЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

- 3.1. Клиент және Банк келесіні мойындайды:
- 1) Осы Талаптарды есепке алумен Банкке жолданатын Электрондық құжаттарды бекіту үшін (i) Клиенттің уәкілетті тұлғаларының ЭЦҚ (осындай тұлғаларының тізімі Банкпен бекітілген нысаны бойынша рәсімделетін кілттерді және тіркеу куәліктерді жасап беруге Клиентпен Банкке ұсынылатын Өтініштері арқылы анықталады); (ii) Бір реттік (бір жолғы) коды пайдаланумен клиенттің динамикалық сәйкестендіруі; (iii) Биометрлік сәйкестендіруі қолданылу мүмкін;
 - 2) Осы Талаптарды есепке алумен Клиенттің уәкілетті тұлғаларының ЭЦҚ қойылған/Динамикалық немесе Биометрлік сәйкестендіру арқылы бекітілген Қашықтағы қызмет көрсету арналары арқылы Банкпен қабылданатын Электрондық құжаттар Клиенттің Электрондық құжаттары болып табылады. Банкпен заңды тұлғаларының осындай Электрондық құжаттарын қабылдауы осындай тұлғаларының қолтаңбасымен куәландырылған қағаз тасымалдаушыдағы құжаттардың қабылдауына заңды баламалы болып табылады;
 - 3) Электрондық банктік қызметтерді көрсету талаптары, соның ішінде Тіркеу куәліктерін, кілттер тасымалдаушытарын беру талаптары, оларды пайдалану талаптары, Сенім білдірілген нөмірін бекітуі, Бір реттік (бір жолғы) код пайдалануы осы Талаптармен, Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланушысының нұсқаулығымен және Банктің ішкі құжаттарымен бекітіледі.
- 3.2. Осымен Клиент ЭЦҚ қойылған/Динамикалық немесе Биометрлік сәйкестендіру арқылы бекітілген Электрондық құжаттарды Банкке жолдайтын жеке тұлғаларға Клиент тиісті өкілеттіктерді берді екендігін және Клиенттің уәкілетті тұлғалары болып табылады екендігін растайды. Банкке Электрондық құжаттарды жолдау кезінде уәкілетті тұлғаларының әрекеттері/әрекетсіздігі үшін және құжаттарды жолдау салдары үшін толығымен Клиент жауап береді
- 3.3. Электрондық банктік қызметтерді алуға Клиенттің уәкілетті тұлғаларының өкілеттіктер көлемі Клиентпен өз бетімен анықталады. Банкке Сенім білдірілген нөмірі ретінде Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді (ұялы) телефон нөмірін ұсынуы Клиентті динамикалық сәйкестендіру арқылы Клиенттің Электрондық құжаттарын растауға өкілеттіктерін Клиенттің уәкілетті тұлғасына Клиентпен қыснуды білдіреді.

- 3.4. Осы Талаптардың 3.2.-3.3 тармақшаларын есепке алумен уәкілетті тұлғаларының тізімі және/немесе олардың өкілеттіктерінің көлемі өзгертілетін жағдайда, Клиент осындай тұлғаларының өкілеттіктерін тоқтату туралы хабарламасын шұғыл Банкке жолдау қажет және жаңа тізімді құру қажет. Сенім білдірілген нөмірі өзгертілетін жағдайда немесе Клиент Динамикалық сәйкестендіруден басын тарту жағдайда, Клиент Банкке тиісті өтінішті жолдау қажет. Банктің жүйелерінде тіркелген Сенім білдірілген нөмірі ретіндегі Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді (ұялы) нөмірі Сенім білдірілген нөмірі ретінде Банктің жүйелерінде осындай нөмірін өзгерту сәтіне дейін Электрондық банктік қызметтерді көрсету мақсатында Клиентті сәйкестендіру үшін Банпен пайдаланады.
- 3.5. Банк Клиенттің Электрондық құжаттарын тек қана егер осындай құжаттар Банкпен пайдаланатын талаптарына және нысандарға сәйкес келетін болса және Клиенттің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ/Сенім білдірілген нөмірін пайдаланумен Динамикалық сәйкестендіру немесе осы Талаптарға сәйкес Биометрлік сәйкестендіру арқылы бекітілетін болса, орындауға қабылдайды. Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланумен Электрондық құжатты қабылдау уақыты Банктің тиісті базаларында тіркеледі. Осы Талаптарға сәйкес Клиенттің уәкілетті тұлғаларымен жолданатын электрондық құжаттар осындай тұлғаларда тиісті өкілеттіктерінің болуын нақты тексерусіз Банкпен орындалады.

4. КЛИЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Клиент міндеттенеді:

- 4.1. Клиенттің уәкілетті тұлғаларының назарына Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдалану туралы негізгі қауіпсіздік шараларын жеткізу, соның ішінде, бірақ шектелмей:
- кез келген қашықтағы қызмет көрсету арнасына кіруден кейін Банкпен ұсынылған Парольді өзгертуге және оны жұмыста пайдаланбауға;
 - Электрондық құжаттағы ақпараттың құпиялығын сақтауға;
 - үшінші тұлғаларының рұқсат етілмеген қол жетуден жұмыс станциясының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
 - USB-кілтті(-терді) үшінші тұлғаларға пайдалануға бермеуге және Парольді жарияламауға;
 - SMS-хабарламасы және Push-хабарламалары түрінде Сенім білдірілген нөміріне жолданатын Бір реттік (бір жолғы) кодты табыстамауға/жарияламауға. Бір реттік (бір жолғы) кодты тек қана Банктің нұсқаулықтарына сәйкес пайдалануға (енгізуге).
- 4.2. Электрондық құжаттарды қалыптастыру және жолдау кезінде:
- Шарттардың талаптарын, ҚР нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын және Банкпен ұсынылатын техникалық және басқа құжаттамасын басшылыққа алуға;
 - Банктің операциялық күнін және Банктің тарифтерінде көрсетілген нұсқауларын Банкпен орындауға қабылдау бойынша талаптарын сақтауға;
 - Банкпен ұсынылатын анықтамалықтарды қолдануға;
- 4.3. USB-кілтке(-терге) рұқсатсыз қол жету мүмкіндігінен қорғауды өз бетімен қамтамасыз етуге;
- 4.4. Сенім білдірілген тұлғасы ретіндегі Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді (ұялы) телефон нөмірін Банкке ұсынуға;
- 4.5. Банктің жүйелерінде Сенім білдірілген нөмірі ретінде Клиенттің уәкілетті тұлғасының кілтінің беделін түсіруі/Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді (ұялы) телефон нөмірінің өзгертуі туралы немесе мобильді (ұялы) телефонды/SIM-картаны ұрлау/жоғалу туралы, сонымен Клиенттің Электрондық құжаттарына Клиенттің уәкілетті тұлғаларымен қолтаңбасын қоюға өкілеттіктерінің тоқтатылуы/өзгеруі туралы, соның ішінде Клиенттің уәкілетті тұлғасының қайтыс болуы туралы жазбаша түрде Банкке хабарлауға;
- 4.6. Қашықтағы қызмет көрсету арналарымен жұмыс істеу кезінде Банктің талаптарына сәйкес келетін техникалық жабдықты және/немесе құрылғыны Клиенттің уәкілетті тұлғасымен пайдалануды, сонымен қатар Қашықтағы қызмет көрсету арналары арқылы Банкке Электрондық құжаттарды жолдау кезінде Осы Талаптар бөлігінде Шарттың талаптарын орындалуды, соның ішінде заңсыз қол жету және пайдалану мүмкіндігінен қорғау талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге. Қауіпсіздікке қойылатын минималды талаптар келесіні қарастырады: техникалық жабдыққа және/немесе құрылғыға үшінші тұлғаларының физикалық қол жету мүмкіндігін шектеу, парольді немесе құрылғының өндірушісімен қарастырылған құрылғыны бұғаттан шығарудың басқа әдістерін (бет, көз торы, саусақтың ізі бойынша) пайдалану, өзекті антивирустық бағдарламаларын пайдалану, бағдарламалық жасақтаманы уақытында жаңарту. Қауіпсіздік бойынша Банктің ұсыныстары <http://www.alfabank.kz/> интернет-сайтында жаңартылады және орналастырылады және Қашықтағы қызмет көрсету арналарында Клиентке Банкпен анықталатын тәсілдерімен (соның ішінде Қашықтағы қызмет көрсету арналарында әрекеттерді жасау кезінде ескертулер түрінде) жолданады;
- 4.7. Клиенттің уәкілетті тұлғаларын осы Талаптар бөлігіндегі Шарттың талаптарымен, Қашықтағы қызмет көрсету арналарының пайдаланушысын нұсқаулығымен, құрылғыларға Банкпен қойылатын талаптарымен таныстыруға және осы құжаттардағы талаптарын Клиенттің уәкілетті тұлғаларымен

- сақтау үшін жауап беруге. Банкпен өзгерістерді енгізу жағдайда, www.alfabank.kz сайтында орналастырылатын Қашықтағы қызмет көрсету арналарының пайдаланушысының нұсқаулығының жаңа нұсқасымен, құрылғыларға Банкпен қойылатын талаптарымен Клиенттің уәкілетті тұлғаларымен өз бетімен тасыну қажеттілігін назарына жеткізуге;
- 4.8. Банктің қатысуысыз Клиенттің уәкілетті тұлғаларымен бірлесіп, Тіркеу куәліктерінің әрекет ету мерзімдеріне қарап, осындай уәкілетті тұлғаларында бар куәліктерін ауыстыру қажеттілігін анықтауға;
- 4.9. Банктің тарифтеріне сәйкес Банктің қызметтерін төлеуге;
- 4.10. Осы Талаптардың әрекет ету мерзімі тоқтатылған (Шарттың әрекет ету мерзімі тоқтатылған) күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күні ішінде Банкпен бекітілген нысаны бойынша жасалған қабылдау-тапсыру актісі бойынша Банкке USB-кілтті қайтаруға.

5. БАНКТИҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ.

Банк міндеттенеді:

- 5.1. Қашықтағы қызмет көрсету арналарының жұмысын қамтамасыз етуге, соның ішінде:
- Банктің кінәсінен Қашықтағы қызмет көрсету арналарының болжанбаған жұмыс істеуді бұрынғы қалпына келтіру бойынша барлық шараларды қабылдауға және Клиентке электрондық тәсілімен немесе факс арқылы хабарлауға;
 - Банктің тариятеріне сәйкес қосымша қызметтерді көрсетуге: USB-кілтті(-терді) ауыстыруға, Клиенттің жаңа қызметкерлерін оқытуға және тағы басқасы.
- 5.2. Осы Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде келесі қауіпсіздік шараларын сақтауға:
- USB-кілтті(-тердің), PIN-кодтардың және Электрондық құжаттарының мұрғаттарын сақтаулығын қамтамасыз етуге;
 - осы Талаптардың 4.5-тармағына сәйкес ақпаратты Клиенттен қабылдау, сонымен қатар Шоттарға заңсыз қол жету қауіпіне күдік пайда болу жағдайда Электрондық құжаттар қабылдауды тоқтатуға.
- 5.3. Электрондық құжаттарды қабылдау және өндеу кезінде:
- Шартқа және осы Таоаптарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу және басқа құжаттарын рәсімдеу шартында оларды орындауға қабылдауға;
 - Клиенттің сауалы бойынша операциялық күні ішінде Шот(-тар) бойынша ақпаратты электрондық түрінде ұсынуға.

Банк құқылы:

- 5.4. Келесі жағдайларда Электрондық құжатты орындаудан бас тартуға:
- жарамсыз Тіркеу куәлігінің көмегімен қалыптастырылған ЭЦҚ құжаттарға қою жағдайда;
 - егер ЭЦҚ тиісті Электрондық құжатқа қол қоюға өкілеттіктері жоқ тұлғасына тиесілі болса;
 - Электрондық құжат осы Талаптарды және Шартты бұзумен қалыптастыру және ұсыну жағдайда;
 - Клиенттің банк шоты бойынша жүргізілетін операцияларының ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес ҚР заңнамасының нормаларына сәйкестігін тексеру шін қажетті құжаттарды және ақпаратты Клиентпен ұсынбай жағдайда;
 - Шартпен, ҚР заңнамасымен, Қашықтағы қызмет көрсету арналарының пайдаланушысының нұсқаулығымен, Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа жағдайларында.
- 5.5. Қашықтағы қызмет көрсету арналарының пайдаланушысының нұсқаулығына бір тараптық тәртібінде (Клиентпен келісусіз) өзгерістерді енгізуге. Қашықтағы қызмет көрсету арналарының пайдаланушысының нұсқаулығының жаңа нұсқауы www.alfabank.kz мекенжайында орналастырылады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.

- 6.1. Клиенттің Электрондық құжаттарын рәсімдеудің дұрыстығы және Электрондық құжаттарындағы мәліметтердің дұрыстығы үшін Клиент жауап береді. Осымен бірге егер Клиент Электрондық құжаты дұрыс емес рәсімдеу қорытындысында Банк шығындарға ұшыратылған болса, Клиент Банкке осындай шығындарды толық мөлшерінде өтейді.
- 6.2. Банк келесі үшін жауап бермейді:
- Клиентпен Электрондық құжаттарында көрсетілген ақпараттың анықтығы және дұрыстығы үшін;
 - Клиент USB-кілтті(-терді), Сенім білдірілген нөмірін немесе Парольдерді үшінші тұлғаларға табыстау (жариялау) үшін;
 - Клиент мобильді (ұялы) телефонын жоғалу/ұрлау туралы Банкке уақытында хабарламау жағдайда Клиенттің ықтимал шығындары үшін;
 - Клиенттің уәкілетті тұлғаларымен Қашықтағы қызмет көрсету арналарының пайдаланушысының нұсқаулықтарын, техникалық жабдықты және/немесе құрылғыны және/немесе бағдарламалық жасақтаманы қауіпсіз қолдану бойынша Банктің талаптарын/ұсынымдарын орындамау, осы Талаптардың 3.4. және 4.5. тармақшаларымен қарастырылған міндеттемелерін Клиентпен

орындамау/уақытында емес орындау салдарына пайда болған Клиенттің шығындары/Клиенттің электрондық құжатын орындалуы үшін. Электрондық банкік қызметтерді ұсыну, сондай-ақ Клиенттің Электрондық құжатын орындау бойынша Банктің әрекеттері құқықты емес болып табылады;

- Клиенттің Электрондық банкік қызметтерін қабылдаумен байланыстырылған ақпаратқа үшінші тұлғалардың қол жету салдарынан және оны ашық байланыс арналары бойынша пайда болған Клиенттің шығындары үшін;
 - Банктің талаптарына құрылғының (бағдарламалық жасақтамасы құрылғының нұсқаудың) сәйкестігі жағдайда Электрондық банкік қызметтерді пайдалану мүмкінсіздігі салдарынан пайда болған Клиенттің шығындары үшін;
 - Клиенттің уәкілетті тұлғаларымен Клиенттің өзара қатынастары үшін. Банк Клиент және Клиенттің уәкілетті тұлғалары арасындағы барлық дауларға қатыспайды;
 - Сенім білдірілген нөмірі тіркелген SIM-картасына қызмет көрсететін ұялы байланыс операторларының кез келген әрекеттері/әрекетсіздігі үшін. Банк Клиент және ұялы байланыс операторлары арасындағы барлық дауларға қатыспайды.
- 6.3. Клиенттің уәкілетті тұлғасымен себептерге қарамастан, үшінші тұлғаларға USB-кілтті(-терді), Сенім білдірілген нөмірін үшінші тұлғаларға хабарлау, Клиенттің уәкілетті тұлғаларымен Қашықтағы қызмет көрсету арналарының пайдаланушысының нұсқаулығының талаптарын сақтамауы салдарынан, сонымен қатар осы Талаптардың 4.5-тармағында көрсетілген жағдайларының басталуы туралы Банкке хабарламау/уақытында емес хабарлау жағдайларында пайда болған нақты залалды, жіберілген табысты қоса алғанда, Клиенттің залалдарын өтеу мәселелері Клиенттің уәкілетті тұлғасы және Клиент арасында (Банктің қатысуысыз) шешіледі;
- 6.4. Егер қызметтерге қол жету мүмкіндігі қамтамасыз етілетін бағдарламалық жасақтамасы және/немесе ұялы телефоны/SIM-картасы түрлендірілген жағдайда және осы себептен үшінші тұлғалар Клиенттің атынан Электрондық құжаттарға қол қою/бекіту мүмкіндігіне ие болған жағдайда, Клиент оның келісуі немесе келісімісіз Клиентпен және/немесе үшінші тұлғаларымен жүргізілетін барлық операциялар үшін жауап береді.

7. БАСҚА ТАЛАПТАР

- 7.1. Осы Талаптардың және Шарттың әрекеттері Клиенттің Банктегі ашылған Шоттарына, сондай-ақ Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде ашылатын Шоттарына таратылады.
- 7.2. Кез келген Тарап Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланумен Электрондық құжаттарын ұсынуға мүмкіндігі жоқ болған жағдайда, тиісті түрде рәсімделген осындай құжаттар қағаз тасымалдаушыда берілу мүмкін.
- 7.3. ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес валюталық, соның ішінде шетел валютасын сатып алуға операцияларын жүргізуге Электрондық құжаттар тек қана Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес ұсынуға талап етілетін құжаттарының болуы кезінде Банкпен орындауға қабылданады.
- 7.4. Клиент Банктің тариятерінде көрсетілген нұсқауларын Банкпен орындауға қабылдау бойынша талаптарымен және операциялық күнінің мерзімімен таныстыруды бекітеді.

8. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІҢ ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ

- 8.1. Талаптармен реттелетін қатынастар бөлігінде ҚР заңнамасының өзгеруі жағдайда қайта қаралуға жатады. Егер ҚР заңнамасының өзгерістерін есепке алумен, Талаптар кез келген Тарап үшін орындалмайтын болып табылатын болса немесе ҚР заңнамасының күшіне енген өзгерістерін есепке алумен қойылатын қосымша талаптарын орындауға дейін Тарап үшін орындалмайтын болып табылатын болса, Талаптармен реттелген бөлігіндегі Шарттың әрекет ету мерзімі тоқтатылады немесе Тараптармен осындай талаптарды орындауға дейін оның әрекеті тоқтатылады (Қызметтердің талаптарына сәйкес Банкпен ұсынылған қызметтерін төлеу бойынша Клиенттің міндеттемелерін алып тастағанда).

9. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ БӨЛІГІНДЕГІ ТАЛАПТАРДЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

- 9.1. Осы Талаптар бөлігіндегі Шарт келесі жағдайларда өзара есеп айырысуды шартында өзінің әрекетін тоқтатады:
- Қашықтағы қызмет көрсету арналарын пайдаланумен операциялар жасалған Шотты(-тарды) кез келген негіздер бойынша жабу және/немесе электрондық құжаттар жолданатын талаптардың (келісімдердің) әрекет ету мерзімінің тоқтатылуы;

- 12 ай ішінде өзінің ЭЦҚ бекітуге құқығы бар тұлғалары ретінде көрсетілген Банкке ұсынылған өтініштерге сәйкес тұлғаларында әрекеттегі Тіркеу куәліктерінің жоқтығы. ЭЦҚ пайдаланумен Электрондық банктік қызметтер көрсету бөлігіндегі Клиенттің Электрондық құжаттары;
 - Тараптардың өзара келісімі бойынша.
- 9.2. Клиент Шартты, осы Талаптар бөлігінде бұзу жағдайда, Банк бір тараптық тәртібінде Шарттың әрекет ету мерзімін тоқтатуға құқылы және осы туралы Клиентке Шартпен бекітілген тәртібінде хабарлайды.